


Каренов Канат

ҚАРЛЫҒАШТАР ОРАЛАР МА  
КОГДА ВЕРНУТСЯ ЛАСТОЧКИ



Каренов Канат

**ҚАРЛЫҒАШТАР  
ОРАЛАР МА**

Қарағанды

**УДК 355/359**

**ББК 68.4**

**К 22**

К. Каренов

**К 22 ҚАРЛЫҒАШТАР ОРЛАР МА / КОГДА ВЕРНУТСЯ ЛАСТОЧКИ**

К. Каренов - Караганда: ТОО «Гласир», 2020 - 108 стр.

**ISBN 978-601-7921-88-0**

В честь празднования 75 годовщины Великой Победы.

Эта книга посвящается героям Великой Отечественной Войны, девушкам-танкистам: Жамал Байтасовой, Кулькен Токбергеновой, Кульжамиле Талканбаевой и Жамиле Бейсенбаевой.

Отдавшим свои жизни за наше с вами мирное небо. Вечная память всем солдатам Великой Отечественной Войны.

УДК 355/359

ББК 68.4

**ISBN 978-601-7921-88-0**

© Каренов К., 2020

# АЛҒЫСӨЗ

Ұлы Отан соғысы туралы айта бастасак, көкейімізге көптеген сұрақтар кеп тіреледі. Неден басталды, бастаған кім, қалайша, қайда..... осылайша кете береді.

Әлбетте, бұл сұрақтардың бәрі маңызды, бірақ осыдан кейін біз ең бастысын ұмытып кетеміз. Соғысқа қатысқандар туралы неге біз аз білеміз? Айтар болсақ, олардың ерлігі, тағдыры туралы және Сіз бен біз өмір сүріп жатқан мынау жарқын да бейбіт заман үшін өздерін өлімге қиғаны туралы? Шындығына келсек, құрмет пен еске алуға тұрарлық сол адамдардың қысқа өмірі құндылық, киелілік, өз Отанына берілгендік жөнінде ойлануға тақырып болары анық және болады да. Себебі, өмір мен өлім арасындағы қашықтық ертеңгі күннің белгісіз болатынындай, ешкімге аян емес. Сондықтан, ата-бабамыз қалдырған мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, сақтауымыз керек, онсыз болашақты елестету мүмкін емес.

Олардың жасы сол кезде қаншада еді, сұм тағдыр оларды әскери сынаққа қалай жетеледі, осыны жете ойлануымыз керек. Олардың да өз жоспарлары мен армандары болмады емес, болды!

Оқуға түсіп, жұмыс істеу, тіпті көктемгі шалшыққа, жазғы күнге, қоңыр күзге, аппақ қарға қуанып, той тойлап, сауық-сайран салғысы келмеді дейсің бе? Әсіресе, өз махаббатын кездестіріп, әке-шеше атануды айтсаңшы! Алайда, олардың көбісіне мұндай сезімдер беймәлім болып қала берді...

Ырыққа көнбей жылдар өтуде, өкінішке орай, сол жылдармен бірге арамыздан «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деп ұрандатып, өзінің жанкешті еңбегімен жеңісті жақындатқан Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен тыл еңбеккерлері де азаюда. Сіз бен бізге тарих беттері боп келетін бүтіндей бір осы дәуірді кейбіреулер қорлап, өз үлгісіне көшіріп жазып алғысы келетінін қайтерсің. Кей кезде «осы кімге керек болады дейсің» дегенге сілтеп, мешкейлік үйреншікті тірліктің артына жасырынған кәдімгі адами немқұрайлылық па деп қаласың. Қорқыныштысы да осы. Бұл кітап оқымайтын, тарихқа қызықпайтын, тек өзінің жан рахаты үшін өмір сүретін ұрпақ. Бұған жол бермеуіміз керек, олай етпесек, Совет солдатты атты азат етуші батырлардың лайықсыз ұрпағы болып шыға келеміз.

Ұлы Отан соғысы кезінде, танк экипажының құрамында болып, жауға соққы берген Қарағанды облысының қазақ қыздары туралы жерлестеріміз, алғашқы рет 1944 жылғы 22 тамызда жарық көрген облыстық «Советтік Қарағанды» газетінен білді. Материалды кіші сержант Топатай Жүнісов майданнан салған болатын. Қыздардың батылдығына қайран қалған ол: «Кіші сержант қыздар Жамал Байтасованың, Күлкен Токбергенованың, Күлжәмила Талқанбаеваның және пулеметші – радист Жәмила Бейсенбаеваның ержүрек қаһармандығы - Қазақ халқының мәңгілік мақтанышы. Танкшы қазақ қыздарының даңқы арта берсін!» деп, жазды.

Халық даналығы «Қыз туса - елдің көркі» дейді емес пе. Нақ осы халық даналығындағы сөздер майдангер жазушы Қалмұхан Исабаевқа маза бермеді, себебі ол да әскери жолдың қиындығы мен тауқыметін тартқан болатын. Жеңістен кейін ол алты жыл бойы Ильменау атты неміс қаласында комендант болып қызмет етеді. Осы қыздардың танкті шеберлікпен жүргізіп, сондай ержүректілікпен ұрыс даласында жауға соққы бергенін өзінен басқа жақсы түсінетін де адам жоқ.

Ұлы Жеңістің отыз жылдығы қарсаңында, ол «Қазақ әдебиеті» газетіне батыр қыздар туралы мақала жазды. Кіші сержант Топатай Жүнісовтің арқасында әйгілі болған батыр қыздардың сипатталған ерліктері, тек «Советтік Қарағанды» газетінің ғана емес, бүкіл халықтың игілігіне айналды. Олардың тағдырына алаңдаған ол, өз мақаласында: «Бұл қыздар кімдер? Олардың тағдыры не болды?» деп, сұрақ тастайды. Газет арқылы ол, оқырмандарына қыздар туралы білетіндерің болса, жүгініңдер дегенді айтып, өтінеді. Үмітін үзбеген ол, редакциядан, оларды білетін адамдар табылып жатса, хабардар етуін сұрайды. Өкінішке орай, редакцияға ешқандай хабар түспейді. Бұл- араға 45 жыл салып, тыныштықты бұзған жанайқай еді.

Сөйтіп, тек 2019 жылғы ақпанда Дина Игсатова атты журналист өз мақаласын танк әскерінде қызмет еткен сұлу да өжет қазақ қыздарына арнай отырып, дабыл қақты. Өз жерлестері үшін кеудесін мақтаныш кернеген ол Қорғаныс министрлігінің тек бұлар ғана емес, қайсарлықтың жарқын үлгісі болып табылған Ұлы Отан соғысының барлық қатысушылары туралы материал жинау бойынша көмек көрсетуге бейжайлық танытқанына күйінді, ол біздің назарымызды тарихи фактілерден алшақтап кеткеніне аударды.

# ҚАЙДА ЕКЕН, ҚАЙДА СОЛБАТЫР ҚЫЗДАР?

Құрметті редакция! Жақинда менің қолыма «Советтік Караранды» газетінің 1944 жылдың 22 ағусты күнгі саны түсті. Онда Т. Жанқоса деген сержантың «Танкші қазақ қыздары» деген шығын мақаласы жарияланды. Әскери тілші хабарының тақырыбында аталған әскери замандықтын несі болды деп Жамал Байтасова, Күлкен Токбергенова, Күлжәмила Талқанбаева және Жәмила Бейсенбаева деген қазақ қыздарының атын атайды.

«...Омырауида «Батырлығы

үшін» медалі жәрқыраған қомандияр, кіші сержант Жамал Байтасованы біздің бөлімшесінің жауынгерлері тегіс біледі. Сөзге шешен, іске шебер жауынгер Жамал аулым жауға қарсы ұрыстарда ерліктің, табандылықтың, қажырдылықтың үлгілерін көрсетуде.

Танкшылар шабуылға шығып, немістерді қаладан жөңкілте қуды. Литваның сәндісәулетті қалаларын жеңдеттер аяусыз талқандаған екен. Бір кезде Жамалдың танкі жаудың күтпеген жерінен шығып, фашистерді баса жаншым, жау-

дың оқ ататын ұяларының үнін өшіреді», деп жазылған алғи мақалада қазақ қызының ерлігі жөнінде.

Автор Күлкен Токбергенованы «Орта бойлы, күлім көз. Жаудың тылына кіріп, танктерге жол ашатын, жаудан «тіп» әкелетін барлаушы болды, барлау жұмыстарында командованиенің тапсырмаларын батырлықпен орындағаны үшін үш рет наградталды» деп таныстырып келеді де Күлкеннің өзіне сөз береді. Ол өзі туралы: «Танкке мініп жауға шабуыл

жасадық, немістер күтпеген жерден берілген қатты соққыға табан тіреп қарсылық көрсетуге шамасы келген жоқ, зеңбіректерін тастап қаша жөнелді. Бұл күнгі ұрыста жаудың ондаған солдаты мен офицерінің әлігі жайрап қалды, көп олжа қолға түсті. Командованиенің бұйрығы абыроймен орындалып, танк бөлімінің алға басуына жол ашылды», — деген.

Мақала авторы бұдан кейін бөлімшедегі танкші қазақ қызы Күлжәмила Талқанбаеваның ерлік істеріне тоқталған. Ол бір күнгі болған ұрыста

жаудың бес атыс ұясын жойған. Күлжәмилаға қоса бұл мақалада редактор-пунктетші Жәмила Бейсенбаева деген өжет қыз жайында да дерек бар.

Сонда бұл қыздар кімдер? Осынау батыр қыздардың соңғы тәждарынан хабарсызбыз. Ұлы жеңістің 30 жылдығы қарсаңында осынау бір ержүрек қыздар есімін білетін жандар табылып қалар деген үмітпен «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы іздеу салып отырмыз. Сол себепті осы мақалада аттары аталған жауынгер қыздардың өздері, не болмаса оларды білетін адамдар табыла қалса, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына хабарлауын сұраймыз.

Қалмұқан ИСАБАЕВ,  
жазушы.



Суретте

Қаһармандарға халық махаббаты қашанда ыстық.

Суретте: Москвадағы Белгісіз солдат қабыры басында.

Суретті түсірген Х. Қожамбердиев.

Суретте



## «Топтыгин»

Қарсы сокқы беру мен үдемелі зеңбірек оғы арасында тынығу болып жатады, бірақ мұндай жағдай дауыл алдындағы тыныштық сияқты өте сирек кездеседі. Сондай кезде, ұйқысыз түннен шаршаған солдаттар жастықтың орнына өзінің қаруын құшақтап, тұп-тура жертасаның ішінде ұйықтап кетеді.

Алайда, байланысшыларға ұйқы жоқ, олар үзілген жердің бар-жоғын тексереді, жаңа байланысты жөндейді. Міне, қазір де жертасаға қарай қоңырқай, ашаң түсті солдат сықырлатқан жүрісімен келе жатты. Оны көрген қарауылшы дереу, бұрала бұйығып, қатарласып ұйықтап жатқан аға сержант Прохоровты оята бастайды.

- Петрович, Петрович! – деп, оны иығынан жұлқылаған қарауылшы, сыбырлай, - бізге қарай біреу келе жатыр!

Федор аяғын созып, көзін укалай, бір есінеп алды да, жерлесі қарауылшы Никодишинге бұрылып:

- Николай! Әскерге тән жарғы бойынша баяндау қажеттігін қашан ұғасың? Жолдас аға сержант- осындай да, осындай деп, а?

- Әй жарайды, Петрович! Қасымда ешкім жоқ қой, ешкім естімейді де.

- Эх Коля, Коля! Мен саған Ерёма десем, сен маған Фома дейсің! Солай, Коля, сен сержант бола алмайсың, старшина болсаң, боларсың. Үйіңе таза погонмен қайтасың.

- Құдайым, үйге қайтара гөр! – деп, оның сөзін Никодишин қағып әкетті, - мені үйде сержанттық погонсыз да қабылдайды!

- Эх, Николай! Сен істің парқын түсінбейсің, - деп, жалғады Прохоров, - Сен сонда соғыстан жалғыз өзің қайтамын деп ойлайсың ба! Қыздар жігіттерге таласатын болады. Қыздар қалай ойлайтынын білесің бе? Сержант - дегенің командир. Ал, командир деген кім? Ол дегеніміз пәрменді сөздерімен басқаруды білетін, елдің алдында жүретін адам. Ал, інішек, қыздар үшін ең бастысы осы! Егер қызға осындай, ең жақсысы бұйыратын болса, калғандары қызғаныштан күйінетін болады.

- Мененқандай командиршықсын? Әрі басқаруға да жоқпын - деп, тыпыршыды Никодишин.

- Жарайды, Коля.

Атып тұрып, гимнастеркасының белбеуін түзеткен Федор, өзінің көзқарасынан қобалжып, тік тұра қалған Никодишинге қарады.

- Қане көрсет. Қайда, кім ол, қайда бара жатыр? - деп, сұрады наразы кейіппен Федор. Никодишин қолымен келе жатқан адамды көрсетті.

- Кет жоғал!-деп, ұрысты Прохоров, келе жатқан адамды көре сала:

- мынау біздің батыр Топтыгин ғой!

Жертасадан секіріп түскен кіші сержант Жүнісов:

- Сәлем бердік! –деп, Прохоровты құшақтай жөнелді.

- Қал қалай, батыр? Сөйтіп, шабуылға дайындалатын болдық па? – деп, сұрады Федор Жүнісовтен.

- Иә, бәрі жақсы. Ұрыстың алдында комбат байланысты тексеруімді бұйырды, ал шабуыл туралы білмеймін.

- Міне, Коля, Жүнісовтен үйрен! Кіші сержант, ал кеудесі толған ордендер мен медальдар. Үйіне қайтқанда –оның қасына барлық қыздар үйрілетін болады -деп, Федор Жүнісовті мақтауын қоймады.

- Неге ол «Топтыгин»? – деп, сұрады Никодишин,  
- аю сияқты денелі емес, иығының қақпақтай екенін  
де көріп тұрған жоқпын. Маймақ та емес сияқты?

- Қараңғысың сен, Коля. Оның есімі Топатай.  
Неміс оғының астында ерлік жасаған кезде,  
оын дүрбісімен бақылап тұрған командир  
абыржып, Топатайдың есімінің орнына әшейін:  
«Жарайсың, Топтыгин!» деп, айтып қалды. Осыдан  
кейін, бұл атау оған желімдей жабысқан.

- Ол қандай ерлік жасады? – деп, сұрады  
Никодишин

- Ешқандай ерлік жасаған емеспін, батыр да  
емеспін. Тек өз борышымды орындадым - деп,  
ақталды Жүнісов. Бірақ, оның сөзін Прохоров үзді:

- Ерліктің аты ерлік! Жарайсың, сен сонда  
бәрімізді құтқардың, фашистерді зеңбірек оғының  
астына алып. Бұл жайлы тіпті, газетке де жазды  
ғой. Айтып берейін бе!

Бұл оқиға Юзефов деген ауылдың маңайында  
болған еді. Жаудың бірнеше танкісі, жаяу әскер  
десантымен бірге, бұзып өтіп, өздеріне ыңғайлы бір  
орынды тандап алады да тосқауылға жайғасып алған  
соң, тікелей нысанаға алып, ата бастайды. Оның  
үстіне, жаяу әскердің пулеметтен оқ жаудырғаны

соншалық, бас көтертпейтін еді. Осылайша олар немістердің негізгі күшімен қарама-қарсы ұрыс жүргізуге кедергі келтірді. Қырсық шалғанда, біздің арбаның танк оғының астына қалмасы бар ма, ал, онда радиостанция бар болатын. Танктің және олардың жаяу әскерінің оғын баяулату үшін батареядан оқ жаудыру қажет болды. Сол кезде осы Топатай түтеген атыстың астына жорғалай жөнелді. Фрицтер оған олай да оқ жаудырды, былай да оқ жаудырды! Бірақ та, біздің Топатай түлкі бұлаңға сала, тасалана отырып жүгірген үстіне жүгіріп барады. Дегенмен де жаудың бір оғы Топатайды жаралады, оны көрген мен қара терге түстім. Бірақ, сонда да ол жорғалап барып, арбаға жетеді де радиостанцияны ала салып, танк пен жаяу әскердің орналасу деректерін артиллерияға беріп те үлгереді.

Сөйтіп, біздің артиллеристтер жауды бауша сұлатты! Ал, Топатайды екінші дәрежелі отандық соғыс орденіне ұсынды. Осылай болған еді.

- Е, жарайсың десе, жарайды екенсің! – деді, Никодишин таңданып, оның қосымша әскер ретінде келгеніне үш-ақ күн болатын және әлі ештеңе білмейтін. Игермегені де бар-тын. Сондықтан тым жас әрі атысып көрмеген жерлесін, аға сержант

Прохоров үнемі қасынан шығармайтын. Ал, соғыста жерлесін кездестіру- үйде болғанмен тең еді.

- Кел, шылым шегеміз бе? – деп, ұсыныс тастады Топатай Федорға.

- Сен шылым шекпейтін едің ғой? –деп, таң қала қарады Федор Топатайға.

- Сенің қасында отыра тұрам. Мұндай жағдайға да жететін шығармын – деп, күле жауап берді Топатай.

- Дұрыс айтасың сен –деді, Федор. Қалтасынан дорбасын алып шықты да орама шылымды салып, түтіндете жөнелді.

- Сен мені батыр дейсің ғой – деп, бастады сөзін Топатай, - ал, мен жерлестеріммен мақтанамын! Батыр деп, соларды айт! Бүтін бір танк экипажы – барлығы да Қарағанды облысынан. Олардың соғысқанын көрсең!? Немістермен құдды өмір бойы соғысып келе жатқандай, өршелене соққы берді. Өздері бойжеткен қыздар, күйеуге шығып, бала тәрбиелесе болады ғой. Ал, олар бізбен бірге соғысуда.....Соғысқа оларды аналық сезімдері жетеледі деп ойлаймын. Жауды соңына дейін талқандап, сол жауыздарға өмір сүруге, сүйуге және сәбиін өсіруге ешкімнің де кедергі келтірмеуі тиіс

соншалық, бас көтертпейтін еді. Осылайша олар немістердің негізгі күшімен қарама-қарсы ұрыс жүргізуге кедергі келтірді. Қырсық шалғанда, біздің арбаның танк оғының астына қалмасы бар ма, ал, онда радиостанция бар болатын. Танктің және олардың жаяу әскерінің оғын баяулату үшін батареядан оқ жаудыру қажет болды. Сол кезде осы Топатай түтеген атыстың астына жорғалай жөнелді. Фрицтер оған олай да оқ жаудырды, былай да оқ жаудырды! Бірақ та, біздің Топатай түлкі бұлаңға сала, тасалана отырып жүгірген үстіне жүгіріп барады. Дегенмен де жаудың бір оғы Топатайды жаралады, оны көрген мен қара терге түстім. Бірақ, сонда да ол жорғалап барып, арбаға жетеді де радиостанцияны ала салып, танк пен жаяу әскердің орналасу деректерін артиллерияға беріп те үлгереді.

Сөйтіп, біздің артиллеристтер жауды бауша сұлатты! Ал, Топатайды екінші дәрежелі отандық соғыс орденіне ұсынды. Осылай болған еді.

- Е, жарайсың десе, жарайды екенсің! – деді, Никодишин танданып, оның қосымша әскер ретінде келгеніне үш-ақ күн болатын және әлі ештеңе білмейтін. Игермегені де бар-тын. Сондықтан тым жас әрі атысып көрмеген жерлесін, аға сержант

Прохоров үнемі қасынан шығармайтын. Ал, соғыста жерлесін кездестіру- үйде болғанмен тең еді.

- Кел, шылым шегеміз бе? – деп, ұсыныс тастады Топатай Федорға.

- Сен шылым шекпейтін едің ғой? –деп, таң қала қарады Федор Топатайға.

- Сенің қасында отыра тұрам. Мұндай жағдайға да жететін шығармын – деп, күле жауап берді Топатай.

- Дұрыс айтасың сен –деді, Федор. Қалтасынан дорбасын алып шықты да орама шылымды салып, түтіндете жөнелді.

- Сен мені батыр дейсің ғой – деп, бастады сөзін Топатай, - ал, мен жерлестеріммен мақтанамын! Батыр деп, соларды айт! Бүтін бір танк экипажы – барлығы да Қарағанды облысынан. Олардың соғысканын көрсең!?! Немістермен құдды өмір бойы соғысып келе жатқандай, өршелене сокқы берді. Өздері бойжеткен қыздар, күйеуге шығып, бала тәрбиелесе болады ғой. Ал, олар бізбен бірге соғысуда.....Соғысқа оларды аналық сезімдері жетеледі деп ойлаймын. Жауды соңына дейін талқандап, сол жауыздарға өмір сүруге, сүюге және сәбиін өсіруге ешкімнің де кедергі келтірмеуі тиіс



екенін көрсеткісі келгендей. Егер шынымды айтсам, Федор, мен олар туралы газетке жазып, туған жеріме жолдап жібердім. Бәрі білсін біздің қыздарымыздың фашистерді қалай қырып жатқанын! Бұрын жазып көрмесем де, оларға өлең арнадым.

- Сен дұрыс істедің, жарайсың! Одан да өлеңіңді оқып берсеңші? – деді, Федор орама шылымын түгіндете сорып.

Топатай орнынан тұрды да тамағын бір кенеп алып, өлеңін оқи жөнелді.

*Жеңуге жауды  
Кең жазира Сарыарқадан  
ұшып келген  
менің қарлығаштарым  
Бойын қорқу билемеген  
Өжет те қайсар қыздарым  
Ұрысқа келіп кірдіңдер  
Аяусыз жауды қырғанда  
Экипаж тұрмақ,  
Қашты тұра фашистер*

- Өте жақсы жазыпсың - деп, жөткірсен сөйледі Федор, - әрине мен бұл танкист қыздарды танымын. Фашистердің зәре-құтын алғандар емес пе?

- Жарайды, жігіттер, мен кетейін, әйтпесе сендермен отырып қалдым - деп, қоштасқан Топатай командалық бекет жаққа бет алды.

Жерлестері жайлы Прохоровтың айтқан жылы сөздері оның көңіліне қуаныш ұялатты. Қарлығаш қарындастарымен мақтанған ол, әндете жөнелгенін өзі де де байқамай қалды. Кенеттен есіне шешесінің жолға шығып бара жатқанында айтқан сөзі түсті. Бірден тоқтай қалды да көзін аспанға тіктеп, қолын жайып, сыбырлай жөнелді: «Е, аллам, қайда жүрсе де оларды қолдай гөр! Оларға саулық пен бақыт тілеймін! Қарлығаштарым, аман-есен үйге оралса екен. Әумин!» деп, жайған қолымен бетін сипады.

Содан соң, әлдебір борышын өтегендей сезіммен, адымын ширата түсті. Өзін, жауынгер жолдастарына уақыт өткізу үшін барғандай сезінді.

Ұрыстан сәтті шығу үшін командирлерге күштердің өзара іс-қимылын түзетулері қажет болды. Топатай өзін алдағы күні болатын ұрыс кезінде жау оғының астында 12 жерден үзілген байланыс желісін жөндеу күтіп тұрғанын білмеді. Әрі осы

батырлығы үшін, қолбасшылықтың — «Батырлығы үшін» медаліне ұсынатынын да ойламап еді.

Барлық елдердің пролетарлары, бірліктер!

# Советтік Қарағанды

ҚК(б)П ҚАРАҒАНДЫ ОБКОМЫНЫҢ, ГОРКОМЫНЫҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР  
ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОРГАНЫ

16 (2376) | Сейсенбі, 1944 жылғы 22 август | VIII-жыл шығуы  
жеке саны 20 т.

## ТАНКШЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

Ұлы отан үшін ұрыстарда қазақ қыздары да мәңгі өшпес даңқы бөленуде. Олар өздерінің жастығына қарамастан азуақытта соғыс техникасын меңгеріп танкшы ұшып, атқыш және даңқты барлаушы болып алды.

Солардың бірі омырауында «Батырлығы үшін» медалі жарқыраған командир кіші сержант Жамал Байтасованы көресіз. Жамалды біздің бөлімшенің жауынгерлері тегіс біледі. Сөзге шешен, іскер шебер, жауынгер Жамал зұлым жауға қарсы ұрыстарда ерліктің, табандылықтың, қажырлылықтың тамаша үлгілерін көрсетуде.

Танкшылар шабуылға шығып, немістерді қаладан жеңілте қуды. Литваның сәнді-сәулетті қалаларын жеңдеттер аяусыз талқандаған екен. Бір кезде Жамалдың танкісі жаудың күтпеген же-

—Танкке мініп, жауға шабуыл жасадық, немістер күтпеген жерден берілген қатты сокқыға табылып реп қарсылық жасауға шамасыз елген жоқ. Зеңбіректерін тастап қаша жөнелді. Бұл күнгі ұрыста немістердің сондаған солдаттары мен офицерлерінің өліктері жаппап қалды, көп олжалар қолға түсірілді. Командованиенің бұйрығы бойынша срындалып, танк бөлімінің алға басуына жол ашылды, дейді Күлкен өзінің әңгімесінде.

Бөлімшедегі танкшы қазақ қызы Күлжамилә Талқанбаеваның ерлік істері ерекше көзге түседі. Ол бір күнгі болған ұрыста жаудың 5 атыс уясын жойып жіберді. Күлжамилә атакаға шыққанда сондай шеберлікпен алға ұмтылаты. Осылардың ішінде радис, пулеметші Жамила Бейсенбаева да өзінің қызметін жақсы атқарды.

## Экипаж. 1943 жыл

Барлаушылар жеткізген деректер бір жерден шықты – немістердің Курск жерінде стратегиялық шабуылға шығуды жоспарлағаны белгілі болды. Фашистердің тұтқиылдан шабуыл жасауына жол бермеу үшін, Совет қолбасшылығы күшейту шараларын қабылдады, сонымен бірге, шабуылға шығуды да ойластырды, мақсат-жауынгерлердің дайындығын анықтау және бекіністегі кемшіліктерді табу болатын. Сөйтіп, танк экипажы құрамындағы жауынгерлік барлаушыларды қарсы қойды.

Сол бір оқиғаның қайда апарып соғатыны белгісіз еді, егер де, бүкіл жерге тұмсығын сұғып жүретін Күлкеннің Жамал экипажының барлау құрамында болмағанында, ал оның мінезіне «бәрін біліп жүру» тән болғандықтан, ол ешкімге маза бермеуші еді. Қай жерде жүрмесін, үнемі ызындай беретін ол:

- Жамал, барлауға мүмкін мен барармын, жан-жақты қарап келмеймін бе?

- Күлкен, осы сен неге тыныш отырмайсың? – деп, бас салды танкшы-механик Күлжәмила

- Мә, мынаны қарай гөр! Мен бір ештеңе істемей отырғандай – деп, сайрай жөнелді Күлкен, - сен не, танкпен ауылда жүрсің бе? Сонда сен осы жердің ой-шұңқырларын білесің бе? Әлде, бұл жерде бұрын болып па ең? Былайша айтқанда, мен, біріншіден, сенің жағдайыңды ойлап отырмын, сен «Қарлығашты» кедергісіз жүргізсе екен деп. Оқу кезінде кіші лейтенант Осиповтің айтқандары естеріңде ме, ұрыста жеңу кепілі «Жергілікті жерді барлап, оның қыртысын пайдалану қажет» -деген?

- Жамал, жіберсеңші енді, барып келсін – деп, қостады экипаждың пулеметші-радисті Жәмила- Әйтпесе, оның шаңқылдаған дауысы құлағымды жарып барады.

- Мен шаңқылдап жатқан жокпын –деп, қарсы шықты Күлкен.

- Болды, бос сөзді қойындар –деді, Жамал басталып келе жатқан айтысты кілт тоқтатып.

Жамалдың есіне Мәскеу түбіндегі шайқас кезінде танкісі жанып жатса да оқ жаудыруын тоқтатпаған кіші лейтенант Осипов түсті, көз алдына оның күйіп қалған беті мен қолдары елестеді. Осипов қыздарға әскери топография мен танктің материалдық бөлігін оқытқан еді, жанармайдың

жеткіліксіздігінен ол, түнде оқыту үшін танк түріне ұксас шереден қаңқа соғуды бұйыратын және экипаждың барлығына осы қаңқаны бір қолдарымен қалқалай ұстай отырып, қашуды үйрететін.

Ол экипаждың шығынсыз оралуына үлкен мән бере отырып, әркімнің өмірі өз әрекетіне байланысты болатынын түсіндіретін.

- Солай, Күлкен, бар, айналаны шолып кел. Радиусы 500 метрден алысқа ұзаушы болма. Сақ бол - деп, Жамал ақыры келісімін береді.

Күлкеннің көзі жайнап шыға келді. Түлкіше жылмаңдап, қараңғылыққа енді де жоқ боп кетті.

Сағаттап емес, күткен әр минут Жамалды шаршатып жібергені соншалық, енді ол Күлкенге барлауға баруға рұқсат еткеніне өкініп қалды. Әрі бұлар Қарағанды облысынан бірге келгендіктен, апалы-сінлідей боп кеткен-тін.

Бір жағынан жауынгерлік шолу жағдайды біліп ап, жаудың кимылын кесуге мүмкіндік беруші еді, ал, танкте отырып, мұны істей алмайсың. Әрине, экипаждың танкті бүркемелеуі көрінбей тұра тұруға септігін тигізеді, алайда, соғыс кезінде отырып ап күту деген жақсы емес.

*Тарихи анықтама: Фашист басқыншыларымен болған ұрыста, Ұлы Отан соғысына қатысқан әйелдер туралы нақты цифр жоқтың қасы, бірақ зерттеушілердің айтулары бойынша Совет армиясының қатарында миллиондаған әйелдер болған. Негізінен әйелдерді армияға шақыру 1942 жылы басталған. Нақты 1942 ж. маусым айында ССР Одағы Халықтық қорғаныс комиссарының «Қызыл армияның автоброньды танктік әскери оқу мекемесіндегі және тыл мекемесіндегі әскери қызметші ер адамдардың жекелеген лауазымдарын жалданбалы ерікті құраммен және әйелдермен ауыстыру туралы» №0459 бұйрығы шыққан.*

Бүкіл Қазақстандағы, сондай-ақ жас кеншілер қаласы Қарағандыдағы әскери комиссариаттар да өз Отанын қорғауға ұмтылған еріктілермен толы болушы еді. Адамдар ақпар тыңдау үшін, рупордың алдына жиналатын, рупордан шыққан әр сөзді қалтқысыз тыңдайтын. Әйелдер күйеулерінің, бауырларының, тіпті ұлдарының да орнын басты. Олар шахтаға да түсті, ауыр кәсіптерді де меңгерді, станокқа тұрып, еңбектік ерлік те жасады, өткені, тек осылайша ғана соғыста жүрген сүйіктілеріне

көмектесе алатындарын жақсы түсінді. Жас қыздар медбике, радист, атқыштарды оқытатын жеделдетілген курстарды аяқтай сала, майданға аттанып жатты.

Жамал да әскери комиссариатқа бірнеше рет келіп, өзін Қызыл армияның қатарына алуға және майданға аттануға өтініш берген болатын. Сөзімізді дәлелдей кетсек, оның комсомол қатарында жүріп, трактор бригадасының бригадирі болғаны, әкесінің жауды жену үшін өз еркімен майданға аттанғаны да еш пайда бермеді. Барған сайын қабылданбай, кері қайтып жүрді. Бір күні өтініші қабылданды-ау, әйтеуір, оның қуанышында шек болмады, сөйтіп, Қызыл армияның қатарынан бір-ақ шықты. Оны бірден өзімен әскери комиссариатта танысқан басқа қыздармен бірге механик-танкшылардың жеделдетілген курсына бағыттады. Бұл жағдай өмірдің ағыны ма екен әлде шыққан № 0459 бұйрықтың әсері ме екен? Әлде оларды жаумен айқасу үшін, тағдырдың өзі қосты ма екен? Әйтеуір, Жамал қуанышты еді, өз дегеніне жетіп, майданға кетпекші. Бірден емес, курсты аяқтаған соң, әрине. Әскери форманы алған Жамал үйіне Күлжәмиланы, Күлкенді және Жәмиланы шәй ішуге шақырады, шайдан кейін олар формаларын тігуге кіріседі.



Жамалдың формасын қыздар өлшеп, өзіне шақтап тігіп береді, енді ол өзінің жаңалығын айтып әкесіне хат жазуға кіріседі.

*Амансыз ба, мен үшін аса қымбатты әкешім!*

*Қалыңыз қалай? Есен сау жүрсіз бе,*

*Сіздің қалыңыз жақсы деп үміттенемін.*

*Солай болғанын қалаймын да.*

*Өзіңізді сақтаңыз. Менің Сізден басқа ешкімім жоқ.*

*Маған ренжімеңізші, өтінемін, ұрыспаңыз да.*

*Сіз мені әрқашан адал да жауапты болуға үйреттіңіз.*

*Достарымның алды болуымды қаладыңыз.*

*Сондықтан, сүйікті менің әкешім, мені Қызыл*

*армияның қатарына алды және механик-  
танкишылардың оқуына жіберіп жатыр.*

*Өзіме сақ болуға, қисынсыз іспен*

*араласпауға ант етемін.*

*Ағаш басына өрмелеп шықпаймын деп те,*

*уәде бере аламын Сізге.*

Жамал ол кезде 5 жаста еді, өзінің ағаштың басына шығып ап, түсе алмай қалғанын есіне түсірді. Биіктен қорыққаны соншалық ағашқа жабысып алады, қимылдамақ түгіл айқайлауға

шамасы келмеген-тін. Төменде оны барлығы іздеп, айқайлап, таба алмай жатады. Ал, өзі болса, оларды көре тұра, ештеңе істей алмайды. Сөйткенше болған жоқ мұның аяғындағы сандал әкесінің басына барып, топ ете түседі, әйтпегенде іздеудің қанша уақытқа созылары және ағаштың басында қанша отыратыны белгісіз еді. Асан, Жамалдың әкесінің есімі осылай-тын, сол мезетте ағаштың қасында тұрған еді, не істерін білмей сасып қалады. Оның басында тек: «Қызыл гүлім Жамалым табылса екен» деген ой болатын. Басына қызының сандалы құлап түскенде, барып, ол бұтақта ілініп тұрған өзінің Жамалын көреді, қызы қарақаттай көздерін төңкеріп: «Әке мен мұндамын. Өтінемін, ұрыспаңызшы» - дейді әкесіне. Асан аяғынан әзер тұрған еді: «Қызым, Жамал, қозғалмашы тек. Қазір әкең сені түсіріп алады» деп, қызын сөзбен алдандыра сөйлейді. Содан қалай ағашқа мініп, қызын түсіріп алғаны есінде жоқ. Бүкіл ауыл Жамал енді ағашқа жақындамайтын да шығар деп ойлады, алайда олардың бұл ойлағандары бекер боп шықты. Кейбіреулері Жамал ұл боп тууы керек еді деп те жатты. Алайда, әкесі бұларға: «Мен оның қыз боп туғанына ризамын! - деп, жауап беретін.

Еске алғанның әсері ме, Жамал әкесін қатты сағынып кетті. Әкесі оны жалғыз өзі тәрбиелеген еді, өйткені Бикеші босана алмай, баладан қайтқан болатын. Ал, әкесі болса, жарына адал боп қала берді, Жамалдың көзіне жас тағы да үйірілді. Көзінің жасы хатқа түсіп кетпеуі үшін әрі әкесін уайымға салмауы үшін, көз жасын тез сүртіп тастады. Өйткені, әкесі әрдайым: «Қызымның көз жасын көрмей өтсем, менен бакытты жан жоқ»- дейтін. Жамал хат жазуды әрі қарай жалғастырды:

*Әке, біз жсауды міндетті түрде жеңеміз,  
сосын үйге бірге ораламыз.*

*Мен осыған уәде беремін!*

*Сіз білесіз, менің уәдеге берік екенімді.*

*Онымен қоса, мен жалғыз бара жатқан жоқпын,  
қасымда үш сіңлім бар. Енді төртеу болдық!*

*Қатты қысып, құшақтап, бетіңізден сүйдім  
Қызыңыз Жамал.*

Сол күні олар формаларын өздеріне шақтап, тігіп алады, ал шәй үстінде әркім өзі туралы айтып береді. Келесі күні оларды жеделдетілген курсқа жөнелтеді. Оқу аяқталған соң, курс командирі, кіші лейтенант Осипов Жамалдың жеке өзіне тақалып,

экипажға сәттілік және жеңіске жеткенше жауды жайратуды тілейді: «Естерінде болсын, бұл жерде алғандарың - теория, керек болады. Соғыс бұған түзетулер енгізеді, қосымша дағдыларды Сіздер ұрыста алатын боласыздар». Қорытындысында кіші лейтенант Осипов бітірушілер туралы былай деп жазды: «Экипаж жеделдетілген курстан өтті, техникалық және материалдық базаны игерді, әскери топографиялық, тактикалық және атыс дағыларын меңгерді. Кез келген сынаққа дайын, әскери қызметтің ауырлығын аянбай көтереді және шыдайды деп сенемін». Кіші лейтенант Осиповтің қысқа сөзбен қайырған жоғары бағасын осы кезге дейін ешкім алмаған-ды.

*Тарихи анықтама: Ұлы Отан соғысы жылдары ішінде, 20 жуық әйел ғана танкшы бола алды. Олар танкшы – әйелге тән мамандық емес деген пікірді дәлелдеді. Олардың арасында Совет Одағының батыры атағын алғандар да болды.*

Күлкен көрінгенде, Жамал жеңіл күрсінді:

- Ақыры көрдім-ау! Не ойларымды білмей жатыр едім – деп, зілмен тіл қатты.

- Баяндауға рұқсат етіңіз, жолдас командир – деп, жарғы бойынша Күлкен Жамалға бұрылды.

- Ой, түлкі-ай –деп, кекете жөнелді Жәмила

- Баяндауға рұқсат, жолдас ефрейтор – деп, жауап берді Жамал, дауысына қатқыл салмақ қосып.

- Онда былай, бізден оң жақта, бір метрдей жер болатын ойпаттағы автоматшылар взводының жанына немістер бес зеңбірек құрылғысын орнатыпты. Екі қарауылшы бекетін қойыпты. Олардың сол жағында, кемінде үш жүздей метр жерде үш танкіні бүркемелеп жатыр.

- Мұның бәрін қалай көргенсің, Күлкен? – деп, сұрады Жәмила, - мынадай қараңғыда!

- Мен жәйлап бардым –деп, айта бастады Күлкен, - ойпатта отырғандар мені бәрібір көрмейді емес пе. Жорғалап бара жатыр едім, сол жақтан түсініксіз шуды естіп қап, тексерейінші деп шештім.

- Мен не дедім саған – өзіндік әрекетті кою керек дедім емес пе. Ал, сен ше! - деп, Жамал Күлкенді сөге жөнелді.

- Жәмила, мені штабпен қосшы - деді Жамал, - баяндауым қажет.

- Жолдас подполковник, сеніп берілген учаскеге жауынгерлік шолу жүргізгенде, бір метрдей қолжетімділіктегі ойпаттан саны бес дана минометтік құрылғы, автоматшылар взводы табылды, сол жақтан бүркемеленген үш танк шықты.

- Жақсы, - деп, салқын жауап қатты подполковник Яковлев, - нұсқауды күтіңіздер.

- Құп болады, - деп, жауап берді Жамал.

Подполковник Яковлев артиллерия мен өзіне сеніп берілген танк ротасын бүркемелей алмайтынын жақсы түсінді. Сондықтан, түн ішінде кенеттен жасайтын шабуылды пайдалана отырып, Жамалдың танкісімен автоматшылардың екі взводын айналып өтуге шешім қабылдады.

Бір взвод танкке жақындап, граната лақтыруға тырысуы керек деп шешті. Екінші взвод пен Жамалдың танкісі ойпаттан өтіп, зеңбірекшілерге шығатын болды. Танкке жақындар алдында, бірінші взвод неміс автоматшыларымен ұрысқа кірісетін болады, сондықтан тез әрекет ету керектігін. Ойпаттағы неміс минометшілер ұрыстың қай жерден шығып жатқанын түсінбей қалды, түк көрінбейтін қараңғылық оларды бағдардан айырған еді.

Алғаш рет Жамал жарқыншақты атыспен минометшілерді атқанда, немістер үрейленіп, жан-жаққа қаша бастады. Жәмила немістерді пулеметпен атты, ал Күлжәмила қалған минометшілерді жүрісімен таптап өтті. Бірінші взводқа көмектесу үшін, ойпаттан шығу қажет болатын. Сөйтіп, Күлжәмила ойпаттан атып шыққысы келген сәтте, аспаннан ракета жарқ етті, ойпаттан шығуға аз қалып еді, танк шыға алмай, қайтадан ойпатқа ойысты. Одан соң, снаряд бірден жарылып кеткен еді.

«Токта, машина» - деп, бұйырды Жамал. Егер де танк шыға келетін болса, алақандағыдай көрініп қалатынын тез ұқты. Ал, ракетаның жарығымен, тек нысанаға алса болғаны. Сонда Жамал түнгі ұрысты көре алатын арнайы неміс тактикасымен ұшырасатынын білмеді. Нысанашылар қаруын шамамен дыбысқа дәлдегенде, командирлер жарықтандырғыш ракеталарды ұшырып, соның жарығымен танктерді ататын. Жанып жатқан танктердің жарығымен басқасын атқылайтын.

Алғашқы ұрыстағы жағдай экипаждың өліміне жол бермеді. Жамалдың жадында лейтенант Осиповтің көрегендікпен айтқан сөздері қалды:

«Сіздер теория алдыңыздар, ол қажет. Соғыс оған түзету жасайды, қосымша дағдыларды ұрыстан алатын боласыздар».

- Күлжәмила, ойпаттан отыз метрдей алға шық - деп, бұйырды Жамал.

Немістер ұшырған тағы бір ракета Жамал экипажы үшін құтқарушы болды, соның жарығымен олар ойпаттан шығатын еңістеу жерді байқап қалды.

- Күлжәмила, сол жағындағы ойпаттан шығатын жерді көрдің бе? Айналымды қос та, атып шыққан кезде оқ астындағы машинаны тоқтат, ал, атыстан кейін –нәтижесіне қарамастан алға қарай жылжы.

- Түсіндім, Жамал – деп, жауап берді Күлжәмила.

Ойпаттан атып шықан Күлжәмила енді машинасын атысқа қарай бұрды да тоқтап қалды, өйткені Күлкен жаңа ғана атуға дайынмын деп баяндаған болатын.

Жамал жаудың тактикасын олардың өздеріне қолданды. Неміс танкілерін ракетамен жарықтандырғанда, олар екі танкінің сұлбасын көріп қалады, ойланып жатпастан екіншіні ата бастайды. Оқ дәл тиіп, танк жалынға ұшырайды. Бұл есебі де дұрыс болды. Бірінші танкті оның



взводын тасалаған солдаттар гранатамен жарып жібереді.

Таң ата келе ғана, неміс автомашыларымен ұрысты бірінші взводтың бастап кеткені белгілі болды, танктер оларға көмектесуді шешіп, минометшілер жатқан жыраға қарай ұмтылады, сонда бір танкті гранатамен жарып жібереді.

Екіншісін Жамалдың экипажы атып тастайды және тағы бір танкті екінші взводтың солдаты жарып жібереді.

Жамалдың экипажы неміс басқыншыларымен болған ұрыста көрсеткен өжеттігі және епті қимылдары үшін әскери марапатқа ұсынылған болатын. Сөйтіп, Совет әскері Курск жерінде маңызды жеңіске қол жеткізген еді.

*Тарихи анықтама: Курск шайқасының бас кезінде Совет әскерінің құрамында 3444 танк пен өздігінен жүретін құрылғылар болды. Немістерде 16 танк пен моторлы дивизия болды, бұл Совет-герман майданындағы танктік вермахт дивизиясының 70% жуығын құрайтын. Сонымен, бұл ұрысқа әйелдер басқарған 4 танктік экипаж қатысқан болатын.*

# Күлкен

Өзінің ең алғашқы жауынгерлік марапатын Жамал шәймен атап өтті.

Ол туған жері Қарағандыдағы үйінде өткізген былтырғы отырысты есіне алды. Ол кезде қыздардың үстінде көйлек болатын, енді олар көйлекті әскери формаға ауыстыратын болып, өлшеп жатты. Ол Жәмиланың, Күлкеннің және Күлжәмиланың әңгімесіндегі әр сөзді еске сақтаған болатын. Қыздардың оның жадына мұндай жақындықпен, абыроймен және түсіністікпен сіңгені соншалықты, өмірде мұндай адамдар бар кезде-ешқандай ауру да, қиыншылық та және соғыс та жақыныңа деген сезімді де, рухыңды да құлата алмайтын еді. Жандарының кеңдігі соншалық Сарыарқаның кең жазирасына ұқсай-тын, қыздар барын беруге әзір болды, тек ең құндысы – өмірлері үзілмесе болды, өмір қамшының сабындай қысқа деп халық даналығы бекер айтпаған болар.

Күлкен, сол кездері өзінің күштілігімен әйгілі болған әдісқой палуан, атақты аңшы-бүркітші Есентайдың қызы еді. Есентай Наурыз мейрамы кезінде және басқа тойларда белбеуден ұстап, айқасатын күресте бірнеше рет жеңіске жеткен-ді.

Осындай тойлардың бірінде Есентай өзінің салмағынан асып түсетін қарсыласын жеңіп шығады. Батырға көп қыздардың көзі түсетін, бірақ оның жүрегі Сәлимань көргенде алып ұшатын. Сәлимамен түні бойы жұлдызды аспан астында қыдырып, алтыбақан тебетін. Олардың бақытында шек жоқ еді. Сөйтіп, Күлкен дүниеге келгенде, Есентай қатты қуанғаннан сүйінші сұрап келген хабаршыға өзінің ең жақсы атын сыйға тартады. Атадан келе жатқан салт-жораларды қатты құрметтейтін Есентай тек жақсы жаңалығымен келіп, өзіне жүгінген адамнан асыл сөздерді естісе болғаны, әр көшпендіге қолындағысын беруге әзір-тін.

Есентайдың үйіне бақытсыздық күтпеген жерден келеді. Өз малдарын жаппай коллективтендіруден құтқарам деп, көптеген рулас бүтіндей бір ауылдар Қытай, Моңғолия, Ауғанстан асып кетіп жатты. Сондай күндердің бірінде Есентайдың үйіне бірнеше адам келіп, аңшыға ғана белгілі болатын соқпақпен шекараға дейін малды байқатпай өткізуге көмектесуін сұрайды. Бұл үшін оған не малмен, не алтынмен болсын әйтеуір мол сыйлық беруге уәде етеді. Есентай үн қатпағаннан кейін, олар Есентайдың әйелі жағынан құда болып

келетіндерін алға тартады. Көшпенділер айтатын «Күйеу –жүз жылдық, құда-мың жылдық» дегендей ата жолының заңымен туысқандарына көмектессу әркімнің тікелей міндеті болып саналатын.

Есентай ұсынылған сыйлықтан бас тартып, оларды шекараға дейін шығарып салуға келіседі. Өйткені бұл сыйлықтың ыстық пен суыққа карамай мал баққан, бір қоныстан екінші қонысқа мал айдаған, мал басын көбейте отырып, ұрпақтан ұрпаққа қалатын көшпендінің ауыр еңбегімен жиналған байлық екенін түсінді. Бұл байлық шындап келгенде көшпендінікі, олардың әрқайсы мұны өз қалауы бойынша жұмсауына да болар еді ғой. Шындығына келсек, нақты осы мал көшпенділердің ұсақ ақшасы, азығы, киімі болды емес пе. Малды бала туған кезде, жақсы хабар үшін сүйіншіге берген, тойда, ат жарысына, күреске қатысқандарға жүлде ретінде қойған, қалыңмал төлеген, жеке шығып, өз шаңырағын көтерген жас отбасыларына сыйға тартқан.

Есентайды өзі қабылдаған шешімінен бас тартуға айныту бекер-тін. Содан Есентай Сәлимасы мен Күлкенге қайтып оралмайды. Ел арасында гу-гу әңгімелер тарайды: біреулер оның отряды

тосқауылға тап болып, қолға түсіпті десе, басқалары ол сотталып, ит жеккенге айдалып кетіпті десті, ал үшінші біреулері-ол Қытайда қалып қойды десті.

